

БЕКІТЕМІН
«Бірінші болу – батылдық» Корпоративтік қорының
Атқарушы директоры



/С.Н. Қазыбаева
«30» желтоқсан 2022 ж.

«Winter Run 2023»
Жүгіру жарысын өткізу туралы
ЕРЕЖЕ

Алматы қ.
2023 ж.

«Winter Run 2023» жүгіру жарысын өткізу туралы ЕРЕЖЕ

1. ЖАРЫСТЫ ӨТКІЗУ МАҚСАТТАРЫ

Winter Run 2023 (бұдан әрі – «Жарыс») – 10 км, 7 км скандинавиялық жүріс, 3 км балалар жүгіру қашықтықтары бар жыл сайынғы жүгіру жарысы. Алматы қаласының әрбір тұрғыны мен қонағы қатыса алатын қалалық жүгіру және спорт әуесқойларының мерекесі.

Жарысты өткізу мақсаттары:

- жүгіру мен скандинавиялық жүрісті насихаттау;
- жүгірушілерді халықаралық марафон жарыстарына дайындау;
- дені сау ұлт қалыптастыру;
- бұқаралық спортты дамыту;
- Алматы қаласы тұрғындарының және қонақтарының арасында салауатты өмір салтын насихаттау;
- зиянды әдеттерден (темекі шегуден) бас тарту;
- ерекше қажеттіліктері бар балалар арасында спортты қолдау және дамыту.

2. ЖАРЫСТЫ БАСҚАРУШЫ ҰЙЫМ

2.1. Жарысты өткізу кезінде жалпы басшылықты «**Бірінші болу – батылдық**» корпоративтік қоры жүзеге асырады.

2.2. Жарысты дайындау мен өткізуді ұйымдастыру «**Бірінші болу – батылдық**» корпоративтік қорының Ұйымдастыру комитетіне (бұдан әрі – «Ұйымдастыру комитеті») жүктеледі.

3. ЖАРЫСТЫҢ ӨТЕТІН ОРНЫ МЕН УАҚЫТЫ:

3.1. Жарыстың өтетін күні мен уақыты: **2023 жылғы «19» ақпан, сағ. 07:00-дан 11:00-ге дейін.**

3.2. Жарыстың өтетін орны: Алматы қаласы.

Барлық қашықтықтардың сөресі мен мәресі: «Нұрлы Тау» БО, Алматы қаласы, (Аль-Фараби даңғ.).

4. ЖАРЫС ҚАШЫҚТЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ЖАС САНАТТАРЫ

4.1. Жарыс бағдарламасына мына қашықтықтар енгізілді:

- 10 км қашықтығы;
- 7 км скандинавиялық жүріс;
- 3 км балалар жүгіру;

4.2. Жарыстың жас санаттары:

4.2.1. 10 км жас санаттары:

- 15-24 жас;
- 25-29 жас;
- 30-39 жас;
- 40-49 жас;
- 50-59 жас;
- 60-60 жас;
- 70 жастан жоғары.

4.2.2. 3 км қашықтығына жүгіру жас санаттары:

- 10-12 жас;
- 13-14 жас;

4.2.3. Скандинавиялық жүріс 7 км:

- 15 жастан жоғары.

5. ЖАРЫС ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

5.1. Жарысқа қатысуға мына жас санаттарындағы адамдар жіберіледі:

- 10 км қашықтығы – 15 жастан асқан қатысушылар;
- 7 км скандинавиялық жүріс – 15 жастан асқан қатысушылар;
- 3 км балалар жүгіру – 10-14 жастар арасы

5.3. Жарысқа тіркеу кезінде Жарыс өтетін кездегі толық жас мөлшері есепке алынады.

6. ЖАРЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ШЫҒЫНДАРЫ

6.1. Жарысты ұйымдастыру және өткізу шығындарын Ұйымдастыру комитеті көтереді.

6.2. Жарыстың жол жүрумен, орналасумен және тамақтанумен байланысты шығындарын қатысушыларды іссапарға жіберген ұйымдар немесе Жарысқа қатысушылардың өздері көтереді.

7. ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ ТІРКЕУ ЖӘНЕ ЖАРЫСҚА ҚАТЫСУҒА РҰҚСАТ БЕРУ

7.1. 10 км, 3 км балалар жүгіру және 7 км скандинавиялық жүріс қашықтықтарының қатысушыларын Жарысқа тіркеу www.almaty-marathon.kz интернет-сайтында **2022 жылғы «19» желтоқсаннан** басталып, **2023 жылғы «16» ақпанға дейін** немесе қатысушылар саны 2200-ге (екі мың екі жүз) жеткен кезде аяқталады.

7.2. Жарыстың корпоративтік қатысушыларын тіркеу info@almaty-marathon.kz электронды поштасына сұраным жолдау арқылы жүзеге асырылады. Бір ұйымнан / компаниядан Жарысқа қатысушылар саны 30 (отыз) адамнан артық болуы тиіс. Жарысқа қатысушылар саны 30 (отыз) адамға жетпейтін компаниялар www.almaty-marathon.kz интернет-сайтында өз бетінше тіркеледі.

Корпоративтік қатысушылар – келесі қашықтықтардағы қатысушылар: 21 км, 10 км, 10 км скандинавиялық жүріс. Корпоративтік қатысушылардың сөрелік жарнасын Ұйымдастыру комитетінің есеп шотына қатысушылардың ұйымы / компаниясы қаражат аудару арқылы төленеді. Тіркеу корпоративтік қатысушылар өкілінің электрондық поштаға жолдауы және арнайы нысанды толтыру негізінде жүзеге асырылады.

7.3. www.almaty-marathon.kz интернет-сайтында онлайн-тіркеу рәсімінен өтіп, Жарыстың нақты бір қашықтығына тіркелу фактісі бойынша берілген ID нөміріне сәйкес сөрелік жарнаны төлеген қатысушы Жарысқа тіркелген болып саналады. Жарысқа қатысушылар тізіміне тек ақысы төленген өтінімдер ғана енгізіледі.

7.4. Жарысқа қатысушы тіркелу және сөрелік жарнаны төлеу арқылы Жарысты өткізу туралы осы Ереженің барлық талаптарымен келіседі.

7.5. Жарыс қашықтықтарының сөрелік жарналарының құны:

- 10 км қашықтығы – **7 000 (жеті мың) теңге;**
- 7 км скандинавиялық жүріс – **7 000 (жеті мың) теңге;**
- 3 км балалар жүгіру – **5 000 (бес мың) теңге.**

7.6. Жарыстағы қашықтықты ауыстыру **2023 жылғы «03» ақпанға дейін қоса алған кезеңде ғана мүмкін болады.** Жарысқа қатысу слоты сатып алынып қойған жағдайда, Ұйымдастыру комитетіне хабарласып, Жарыс қашықтығын ауыстыру үшін 1 000 (бір мың) теңге төлеу қажет. Жарыс қашықтығы аздан көпке ауыстырылған жағдайда, слоттар құнының айырмасы да қосымша төленеді. Жарыс қашықтығы көптен азға ауыстырылған жағдайда, слоттар құнының айырмасы **қайтарылмайды!** Жарыс қашықтығы таңдалған Жарыс қашықтығында бос слоттар болған жағдайда ғана ауыстырылады.

7.7. Жарысқа қатысу үшін төленген қаражат **қайтарылмайды.** Дұрыс емес немесе басқа біреудің ID нөміріне жіберілген қаражат **қайтарылмайды** және Жарыстың басқа

қатысушысына, сондай-ақ «Бірінші болу – батылдық» КҚ-ның басқа Жарысына қатысу ақысы ретінде аударылмайды.

7.8. Сөрелік нөмір қайтаруға және айырбастауға жарамсыз.

7.9. Сөрелік нөмірі жоқ қатысушылар Жарысқа жіберілмейді!

7.10. Жарысқа қатысушының сөрелік нөмірі анық көрінуі тиіс. Жарысқа қатысушының сөрелік нөмірі алдыңғы жақтағы кеуде тұсында немесе бел буатын белдікте орналастырылуы тиіс.

7.11. Жарысқа өзге біреудің нөмірімен қатысуға тыйым салынады! Сөрелік нөмірлерді басқа адамдарға беру фактісі анықталған жағдайда, нөмірді берген Жарыс қатысушысы мен басқа біреудің нөмірін алған Жарыс қатысушысы осы Жарысқа қатысудан шеттетіліп, нәтижесінің күші жойылады. Келесі 3 (үш) Жарысқа да қатысуға рұқсат етілмейді.

7.12. Жарысқа құлаққаппен қатысу тыйым салынады.

7.13. Мүгедектігі бар қатысушылар қатысу слотын тегін ала алады. Бұл үшін 2023 жылғы «03» ақпанға дейін info@almaty-marathon.kz адресіне өтінім жіберу қажет. Өтінімде осы шараға тіркелген ID нөмірі, қатысушының аты-жөні, қашықтығы, сондай-ақ мүгедектігін растайтын құжаттары көрсетілуі тиіс. Алып жүретін адам қатысу ақысын өзі төлейді. Мүгедектігі бар қатысушыларға арналған слоттар саны шектеулі. Барлық тегін слоттар алынып қойған жағдайда, Ұйымдастыру комитеті спортшыға тегін қатысу мүмкіндігін бермеу құқығын өзіне қалдырады.

8. СӨРЕЛІК ЖИНАҚТАРДЫ БЕРУ

8.1. Жарыс қатысушыларына сөрелік жинақтар Алматы қаласында 2023 жылғы «17» және «18» ақпан күндері, сағ. 10:00-ден 20:00-ге дейін Алматы қаласында беріледі. **Мекенжайы:** Алматы қаласы, Наурызбай-батыр к. 89, «World Class Almaty» фитнес-орталығы..

Назар аударыңыздар! Жарыс қатысушыларына сөрелік жинақтар басқа күндері берілмейді.

8.2. Қатысушының сөрелік жинағына сөрелік нөмір, нәтижені тіркеуге арналған чип, қатысушы жаднамасы, түйреуіштер кіреді.

8.3. Жарыстың корпоративтік қатысушылары сөрелік жинақтарын Жарысты өткізу туралы осы Ереженің 9.1-тармағында көрсетілген сөрелік нөмірлерді беру уақытында **2023 жылғы «17» және «18» ақпан күндері** ала алады. Жарысқа қатысушылардың сөрелік жинақтарын алу үшін сөрелік жинақты алатын адам өзінің жеке куәлігінің көшірмесін, сондай-ақ Қатысушылардың жеке куәліктерінің көшірмесін/көшірмелерін және олардың өздері қолдарын қойған денсаулық туралы қолхаттарын ұсынуы қажет.

8.4. Жарысқа қатысушылар бір мезгілде мына құжаттары болған жағдайда ғана жарысқа жіберіледі:

18 жасқа толмаған қатысушылар үшін:

- Жеке куәлігінің көшірмесі/туу туралы куәлігінің көшірмесі;
- Жарысқа қатысуға рұқсат беретіндігі туралы ата-ананың/қамқоршылардың (қамқоршының) қолхаты;
- Қолхатқа қолдарын қойған ата-ананың/қамқоршылардың (қамқоршының) жеке куәліктерінің көшірмесі.

18 жастан асқан қатысушылар үшін:

- Жеке куәліктің көшірмесі;
- Денсаулық туралы қолхат.

Барлық құжаттар қағазға басып шығарылған күйінде ұсынылуы тиіс.

8.5. Жарыс Қатысушысы сөрелік жинағын өзі алып кете алмайтын жағдайда, оны сөрелік жинақ берілетін күні өз жеке куәлігінің көшірмесін, сөрелік жинағы алынатын

қатысушының жеке куәлігінің көшірмесін (**басып шығарылған түрде**) және Жарыс қатысушысының атынан жазылған денсаулық туралы қолхатты көрсету арқылы басқа адам алып кете алады.

8.6. Қатысушы слотты сатып алған, бірақ ауырып қалуына, жарақат алуына, басқа қалаға, іссапарға кетуіне, жұмыс ауысымына байланысты сөреге шыға алмайтын жағдайда, қатысушы таңдаған километражына сәйкес қашықтықты басқа уақытта немесе басқа жерде жүгіріп өтіп, сөреден кейін 2 (екі) аптаның ішінде медалін «Бірінші болу – батылдық» КҚ офісінен алып кете алады. Оны алу үшін жүгіру жазбасы бар онлайн трекерді, сондай-ақ сөреде болмау себебін растайтын құжатты (еңбекке уақытша жарамсыздық парағы, дәрігердің қорытындысы, іссапар туралы бұйрық/іссапар куәлігі, ұшаққа отырғызу талондарының көшірмелері) және қатысушының жеке куәлігінің фотосуретін немесе түпнұсқасын көрсету қажет. Мәжбүрлі онлайн қатысуға өтінімді спортшы сөрелік жинақтарды берудің екінші күні басталғанға дейін, атап айтқанда, 2023 жылғы 21 сәуір күнгі сағ. 18:00-ге дейін info@almaty-marathon.kz поштасына жіберуі тиіс.

8.7. Қатысушы өзінің сөрелік жинағын білмесе / ұмытып кетсе / алуға үлгермеген болса, сөре өткеннен кейін онлайн-трекер бойынша медаль беру мүмкін болмайды.

8.8. Басқа жағдайлар 2023 жылғы 19 ақпан күнгі сағ. 14:00-ге дейін info@almaty-marathon.kz поштасына өтінім берген кезде жеке қарастырылады.

9. ЖАРЫСТАР БАҒДАРЛАМАСЫ (кейінірек жарияланады)

9.1. Қашықтықтарды жүгіріп өтуге арналған уақыт шектеулері:

10 қашықтығын жүгіріп өтуге арналған уақыт шектеуі – 2 сағат 00 минут,

3 км қашықтығын жүгіріп өтуге арналған уақыт шектеуі – 00 сағат 30 минут,

Скандинавиялық жүріс қашықтығын жүріп өтуге арналған уақыт шектеуі – 2 сағат 00 минут.

10. САҚТАУ КАМЕРАСЫ

10.1. Ұйымдастырушы Қатысушы сөмкесінің ішіндегі заттарға жауапты болмайды.

10.2. Сақтау камерасына бағалы заттарды, ақшаны, әшекейлерді өткізбеуге кеңес береміз. Ұйымдастыру комитеті сөмкелердегі заттардың жоғалғаны туралы кінәрат-талаптарды қарастырмайды.

10.3. Заттарды сақтау камерасына өткізу кезінде қатысушы сөрелік нөмірге бекітілетін стикерді алады. Стикер жоғалған жағдайда, сөмке Қатысушыға жарыс өткен күні берілмейді. Сөмкені шара аяқталғаннан кейін бір аптаның ішінде, сөмкенің ішіндегі заттарды нақты атай отырып, «Бірінші болу – батылдық» КҚ офісінен алып кетуге болады.

11. НӘТИЖЕЛЕРДІ ЕСЕПТЕУ ЖӘНЕ ЖАРЫС ЖЕҢІМПАЗДАРЫН АНЫҚТАУ

11.1. Жарыс қашықтықтары бойынша жарыс қатысушыларының нәтижесі Жарыстың электронды хронометраж жүйесінде тіркеледі және оны Жарыстың төрешілер алқасы растайды. Жарыс қашықтықтары бойынша жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтау мәре сызығына жету фактісі бойынша жүзеге асырылады.

11.2. Жарыс қашықтықтары бойынша жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтау World Athletics ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

11.3. Жарыстың ресми нәтижелері Жарыс аяқталғаннан кейін 24 (жиырма төрт) сағат ішінде www.almaty-marathon.kz интернет-сайтында жарияланады.

Ұйымдастыру комитеті қатысушылардың Жарыс ережелерін бұзғаны туралы ақпаратты алғаннан кейін, фото/бейнежазбаны талдау арқылы Жарыстың өткен орнын қайта қарауға құқылы. Егер қатысушы Жарыс ережелерін бұзған жағдай анықталса, Ұйымдастыру комитеті қорытынды нәтижені өзгерту туралы түпкілікті шешім қабылдауға құқылы.

11.4. Жарысқа қатысушының нәтижесі сөрелік нөмір дұрыс орналасқан жағдайда ғана тіркеледі.

11.5. Жарыстың Ұйымдастыру комитеті төмендегі жағдайларда Жарысқа қатысушылардың әрқайсысы жеке нәтижесін 100% алатынына кепілдік бермейді:

- Чип дұрыс бекітілмегенде;
- Чип магнитсізденгенде;
- Чип киіммен немесе басқалай жабылғанда;
- Чип қатысушының кесірінен зақымданса;
- Жарыстың Төрешілер алқасының шешімі бойынша Жарысқа қатысудан шеттетілгенде.

11.6. Қорытынды шығару кезінде қолданылатын терминология:

- DNS – Did not start (қатысушы сөреге шықпады)
- DNF – Did not finish (қатысушы мәреге жетпеді)
- DSQ – Disqualified (қатысушы Жарыстан шеттетілді)
- CR – Championship Record (жарыстар рекорды)
- GUN TIME – Қатысушының мәреге жету уақыты. Сөре белгісінің берілуінен бастап қатысушының мәре төсеніштерін кесіп өтуіне дейінгі уақыт
- CHIP TIME – Қатысушының жеке уақыты. Қатысушының сөре төсеніштерін кесіп өтуінен бастап мәре төсеніштерін кесіп өтуіне дейінгі уақыт

МАҢЫЗДЫ! Жеңімпаздар мен жүлдегерлер қатысушының GUN TIME мәреге жету уақыты бойынша анықталады.

12. ЖАРЫС ЖЕҢІМПАЗДАРЫН МАРАПАТТАУ

12.1. 3 км жүгіруден қыздар мен балалар арасында 10-12, 13-14 жас қатысушыларды 1-3 орын үшін марапаттау.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер мақтау қағазы, медаль және бағалы сыйлық алады.

12.2. 10 км жүгіруден 1-3 орын үшін 15-24, 25-29, 30-39, 40-49, 50-59, 60-69, 70+ жас санатындағы ерлер мен әйелдер арасындағы қатысушыларды марапаттау.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер мақтау қағазы, медаль және бағалы сыйлық алады.

12.3. 10 км қашықтығында абсолюттік біріншіліктегі жеңімпаздарды 1-3 орын үшін марапаттау.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер ақшалай сыйлық, мақтау қағазы, медаль және бағалы сыйлық алады.

Абсолюттік біріншіліктегі жеңімпаздар жас санатына қарай марапатталмайды.

12.4. «Скандинавиялық жүріс 7 км» қашықтығының қатысушылары марапатталмайды.

12.5. Жарыстың барлық қашықтығының мәреге жеткен қатысушылары мәреші медалімен марапатталады.

12.6. Ақшалай сыйлықтарды жеңген қатысушылар сыйлықты жеке банктік шотына ақша аударымы арқылы ала алады. Ол үшін сіз жарыс аяқталғаннан кейін 3 жұмыс күні ішінде info@almaty-marathon.kz поштасына хат жіберуіңіз керек:

- **Резиденттер үшін:**

- Банктік шоттың болуы туралы анықтаманы, сондай-ақ жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесін;

- **Бейрезиденттер үшін:**

- Жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесін, банктің атауын, банк бөлімшесінің мекенжайын және ақшаны алатын қаланың атауын.

12.7. Жарыс қатысушысы жүлделі орынды иеленгені үшін сыйлығын Жарыс кезінде алып кетпеген жағдайда, ол оны Жарыс өткеннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 5-үй, 1а блогы, 501-офис мекенжайындағы «Бірінші болу – батылдык» Корпоративтік Қорының Ұйымдастыру комитетінің офісінен сағ. 09:00-ден 18:00-ге дейін алып кете алады.

Жарысқа қатысушы сыйлықтарды өздігінен алып кете алмайтын және оларды алуды сенімді адамға табыстай алмайтын жағдайда, Жарыс жеңімпазы info@almaty-marathon.kz электронды поштасына Ұйымдастыру комитеті алушының есебінен сыйлықтарды жолдай алатын мекенжайды жіберуі тиіс.

Бұл опция тек Қазақстан Республикасының резиденттері үшін қолжетімді.

12.8. Мерзім аяқталғаннан кейін Ұйымдастырушы жеңімпаздарға сыйлықтарды бермеу құқығын өзіне қалдырады.

13. МАРШРУТТА ӨЗІН ҰСТАУ ЖАРЫС ЕРЕЖЕЛЕРІ

Жарыс World Athletics 2022-2023 ресми Ережелері бойынша өткізіледі

13.1. Біздің ұсынымдарымыз:

- Екі және одан көп қатысушылармен бір қатарда жүгірмеу.
- Жай жүруге көшкенде жолдың оң жағын ұстану.

13.2. Мыналарға тыйым салынады:

- Арбадағы спортшылардан және балаларға арналған арнайы жүгіру арбалары бар қатысушылардан басқа барлық адамдарға кез келген механикалық қозғалыс құралдарын (самокат, велосипед, роликтер және т.б.) пайдалануға.
- Жарыс кезінде құлаққапты қолдануға. **Қатысушы басқа жүгірушілердің, төрешілердің, ұйымдастырушылардың және Жарыстың ұйымдастырылуына қатысы адамдардың ескертулерін естуге міндетті**
- Жануарлармен қатысуға.
- Алкогольден немесе есірткіден масаю күйінде қатысуға.
- Басқа қатысушыларға қауіпті болуы мүмкін кез келген заттармен қатысуға.
- Серуендеу арбаларымен қатысуға.
- Жарыс кезінде тоқтауға. *Қатысушы өзін нашар сезінген жағдайда, мүмкіндігінше Жарысқа қатысуын тоқтатып, Жарысқа қатысушылардың қозғалысына кедергі келтірмей, жолдың шетіне өтуі қажет.*
- Қатысушылардың қозғалысына және жарысты ұйымдастыруға басқа да тәсілдермен кедергі жасауға.
- Қатысушы тамақ немесе су алған кезде басқа адамдар, команда мүшелерінің ешқайсысы оның қасында жүруге, жүгіруге, қозғалуға құқылы емес.
- Ережені бұзғаны үшін қатысушы жарыстан шеттетіледі.

14. ЖАРЫСТАН ШЕТТЕТУ

14.1. Жарыстың Ұйымдастыру комитеті мына жағдайларда Жарыс қатысушысын Жарыстан шеттетуге құқылы:

- қатысушы жүгіруді сөре ресми түрде басталмай тұрып бастады;
- қатысушы жүгіруді сөре аймағы жабылғаннан кейін бастады;
- қатысушы сөреге сөрелік нөмірсіз шықты;
- қатысушы Жарыстың Ұйымдастыру комитетінің, төрешілерінің немесе бас дәрігерінің нұсқаулары мен ескертулеріне назар аудармайды;
- қатысушы Жарыс ережелерін бұзды;
- қатысушы 2 (екі) қашықтықта немесе 2 (екі) және одан көп команданың құрамында жүгірді, бұл қатысушының да, командалардың да Жарыстан шеттетілуіне алып келеді.

14.2. Ресми тамақтану орны болып табылмайтын басқа жерде тамақ немесе су алған қатысушылар, оларға медициналық көрсеткіштер бойынша жарыс төрешілерімен немесе олардың басшылығымен берілген жағдайды қоспағанда, немесе басқа қатысушыдан тамақ алған жағдайда, алдымен төрешіден сары карточканы көрсету арқылы ескертілуі керек. Екінші бұзушылық үшін төреші қызыл карточканы көрсету арқылы қатысушыны жарыстан шеттетуі керек;

14.3. Қатысушы жарыс кезінде бейнекамераны, радионы, плеерді, ұялы телефонды, құлақпапты және басқа да аппаратураны иеленген немесе пайдаланған жағдайда қатысушыға дисквалификация жариялануы мүмкін;

14.4. Жарысқа қатысушылар мына жағдайларда қорытынды нәтижеден шығарылады:

- қатысушы басқа адамға тіркелген басқа біреудің нөмірімен жүгірді;
- қатысушы қашықтықты қысқартты;
- қатысушы өтінім берілмеген қашықтықты жүгірді;
- қатысушы қол астындағы көлік құралын (велосипедті, самокатты, басқаларын) пайдаланды;
- қатысушы жүгіруді сөре аймағынан тыс бастады;
- қатысушы жүгіруді өз кластерінен бастамады;
- қатысушы нақты жарыстың ресми нөмірінсіз жүгірді немесе нөмір киімнің астында жасырылды.
- Жарыс Ережесін бұзды

15. ЖАРЫСТЫҢ ТӨРЕШІЛЕР АЛҚАСЫ

15.1. Жарыстың төрешілер алқасы – төрешілер Жарыс ережелерінің сақталуын, Жарысқа қатысушылар арасындағы спорттық доданың әділ және адал жүргізілуін, ал Жарыс жеңімпазының объективті түрде анықталуын мұқият қадағалайды. Жарысқа қызмет көрсететін барлық спорт төрешілері Жарыстың Төрешілер алқасын құрайды.

15.2. Жарыстың Төрешілер алқасының құрамына мыналар кіреді:

• Жарыстың Бас төрешісі:

Жарыстың Бас төрешісі Жарыстың жекелеген төрешілері арасында міндеттерді бөледі, ал Жарыс аяқталған кезде бас төреші Жарыстың Ұйымдастыру комитетіне ол туралы жазбаша есеп береді.

• Жарыстың Бас хатшысы:

Жарыстың Бас хатшысы хаттамаларды өңдейді және нәтижелерді шығарады, төрешілерді, қатысушыларды және көрермендерді сөренің барысы туралы хабардар ету үшін қажетті материалдарды уақтылы дайындайды, ал Жарыс аяқталғаннан кейін нәтижелер бойынша жалпы есепті құрастырады.

• Жарыстың сөре-мәре аймағының төрешілері:

Жарыстың сөре-мәре аймағының төрешілері сөре кезінде ережелердің сақталуы және ешкімнің артықшылықтарға ие болмауы үшін Жарысқа қатысушылардың қашықтыққа кластерлерге сәйкес шығуын қатаң қадағалайды. Мәре түзінде төрешілер алғашқы 10 (он)

мәрешіні мәре хаттамаларына тіркейді. Хаттамалар нәтижелерді хронометраж жүйесімен салыстырып тексеру үшін Жарыстың Бас төрешісіне ұсынылады.

Жарыстың Төрешілер алқасына кәсіби спортшылар мен мамандарды шақыруға рұқсат етіледі.

15.3. Жарыстың Бас дәрігері:

Жарыстың Бас дәрігері жарыс жолында және Жарыстың сөре-мәре қалашығында медициналық қызметкерлер мен Жарыс еріктілерінің жұмысына жетекшілік етеді. Қажет болған жағдайда, Жарыстың Бас дәрігері қатысушыны Жарыстан алып тастай алады.

16. ФОРС-МАЖОР

16.1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары/ұйымдары/қызметтері, соның ішінде жергілікті өзін-өзі басқару органдары тарабынан Жарысты өткізуге ресми тыйым салынған жағдайда, Жарыс кейінірек мерзімге ауыстырылады. Жарысқа қатысушылардың осыған дейін төлеген барлық сөрелік жарналары автоматты түрде Жарыс өтетін жаңа күнге ауыстырылады. Жарысты өткізудің нақты (жаңа) күнін Ұйымдастыру комитеті қатысушыларға осы Ереженің 21-бабында көрсетілген Ұйымдастырушының Ақпараттық дереккөздерінде осы ақпаратты орналастыру, сондай-ақ Жарысқа тіркелу кезінде Жеке кабинетте көрсетілген Қатысушының жеке поштасына хабарламалар жіберу арқылы кейінірек хабарлайды.

16.2. Қазақстан Республикасының қабылданған мемлекеттік нормативтік-құқықтық актілеріне байланысты Жарыстың басқа елден келетін шетелдік қатысушысы Жарыстың басталу қарсаңында Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасынан өте алмаған және Жарысқа қатыса алмайтын жағдайда, ол Ұйымдастыру комитетіне өзінің сөрелік жарнасын келесі Алматы жартылай марафоны 2024 жүгіру жарысына ауыстыру туралы өтінім бере алады. Бұл жағдайда өтінім беру оны info@almaty-marathon.kz электронды поштасына жіберу арқылы жүзеге асырылады.

17. НАРАЗЫЛЫҚТАР МЕН КІНӘРАТ-ТАЛАПТАР

17.1. Наразылықтар Жарыстың Ұйымдастыру комитетіне беріледі және оларды Жарыстың Төрешілер алқасы қарайды.

17.2. Жарысқа Қатысушы Жарыс аяқталғаннан кейін күнтізбелік 2 (екі) күн ішінде кінәрат-талап қоюға құқылы.

Кінәрат-талаптар info@almaty-marathon.kz электронды поштасына жіберіледі.

Кінәрат-талап қою кезінде Жарысқа қатысушы мына деректерді көрсетуі қажет:

- қатысушының аты-жөні (анонимді өтініштер қаралмайды);
- кінәрат-талаптың мәні, кінәрат-талаптың мазмұны;
- кінәрат-талап қою негіздері (фото немесе бейнежазба).

17.3. Жарыстың Ұйымдастыру комитеті наразылық және/немесе кінәрат-талап алынған мезеттен бастап 24 (жиырма төрт) сағат ішінде Жарыс қатысушысына ресми жауап дайындайды, ол кінәрат-талап/наразылық берілген электронды адреске жіберіледі.

17.4. Кінәрат-талаптар тек Жарыс қатысушыларынан ғана қабылданады.

18. БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫН АККРЕДИТТЕУ

18.1. Жарысқа бұқаралық ақпарат құралдарын аккредиттеу алдын ала жүргізіледі. Жарысқа аккредиттеу үшін **2023 жылғы «18» ақпанға дейін** prmanager@almaty-marathon.kz электронды поштасына деректерді (БАҚ атауы, тілшінің, оператордың, фотографтың аты-жөні, байланыс телефоны және e-mail адресі) жіберу қажет.

19. ЖАРЫСТЫҢ АҚПАРАТ КӨЗДЕРІ

Жарыс туралы толық ақпарат www.almaty-marathon.kz интернет-сайтында, сондай-ақ Ұйымдастыру комитетінің келесі әлеуметтік желі аккаунттарында орналастырылған:

- <https://vk.com/almatymarathon>;
- <https://www.facebook.com/almatymarathon/>;
- <https://www.instagram.com/almatymarathon/>;
- t.me/almaty_marathon.

Жарыстың Ұйымдастыру комитеті басқа ақпараттық ресурстарда орналастырылған ақпарат үшін жауапкершілік көтермейді.

20. ЖАРЫСТЫ БАЯНДАУ ҚҰҚЫҒЫ

«Бірінші болу - батылдық» корпоративтік қорына (бұдан әрі – Құқық иеленуші) жарыстың бейнесін және (немесе) дыбысын кез келген тәсілдермен және (немесе) кез келген технологиялардың көмегімен трансляциялау арқылы, сондай-ақ көрсетілген трансляцияның бейнежазбасын жүзеге асыру арқылы спорттық жарысты баяндауға айрықша медиа құқықтар тиесілі.

Құқық иесі үшінші тұлғалармен спорттық жарысты жариялау құқығын алу туралы жазбаша түрде үшінші тұлғалармен Шарт жасасуға құқылы.

21. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

21.1. Жарысты өткізу туралы осы Ереже Жарысқа қатысуға ресми шақыру болып табылады.

21.2. Ұйымдастыру комитеті Жарысты өткізу туралы осы Ережеге өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.